ҒТАХР 14.35.09

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ

Ж. К. Стамбекова
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Педагогика және психология институты,
«Бастауышта оқыту педагогикасы менәдістемесі» мамандығының 1 курс докторанты,
педагогика ғылымарының магистрі,
jazira_84_s@mail.ru

Мақалада елімізде болып жатқан білім реформаларының маңызы, оларды жүзеге асыру жолдары баяндалады. Жаңартылған білім мазмұнының ерекшелігі сипатталады. Білім алушылардың бойында функционалды сауаттылық дағдыларын қалыптастыру үшін әртүрлі инновациялық – педагогикалық технологияларды қолданудың ерекшеліктері көрсетіледі. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында қолданылатын инновациялық - педагогикалық технологиялар мен стратегиялардың түрлері айтылады. Сонымен қатар, Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері талданады. Мақалада жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мұғалімнің белсенді әрекетінің маңыздылығы көрсетіледі.

Түйін сөздер: *инновациялық технология, дағды, біліктілік, функционалдық сауаттылық, әдістеме*

Білімді тек үйренуге болады және де үйрену ісі белсенді әрекеттерден құралуы керек: ұмтылыс пен талаптану арқылы ғана біздің білуіміз ықтимал. Білім игеру процесінің басты қағидасы «Үйрету мүмкін емес, үйрену ғана ықтимал!» екендігін бұл жерде баса айтқан Қазақстандақ ғылым Әлімов Асхат Қамзаұлы, білім алушының өзі үйренуге құлық, құлшыныс, ықылас пен ынта танытуы керектігін, қандай керемет ұстаздар болмасын, оқуға еш ынтасы мен қызығушылығы жоқ шәкіртті үйрете алмайтындығын өз зерттеуінде айқын көрсеткен болатын. Ғалымның айтуынша, ұстаз сабақ барысында білім алушыларға, сабақ берушіден ұйымдастырушыға, көмекшіге айналып, бағыт-бағдар беріп, өздігімен білім алуларына жағдай жасауы керек. Ол үшін ұстаз тапсырмалардың күрделелік деңгейіне қарай, әдіс-тәсілдер мен әр түрлі технологияларды тиімді пайдалану керек. Сонымен бірге, мұғалімге «сөз үйретпейді, әрекет үйретеді» деген қағиданы пайдаланған орынды болмақ [1].

«Жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы...» дейді Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев. Елбасымыздың осы сөзінен-ақ қазіргі қоғам талабы бәсекеге қабілетті маман даярлау екені байқалады. Күннен-күнге дамып бара жатқан заманға, ондағы өскелең ұрпақты жан-жақты дамыта отырып, сапалы білім беретін, оны алға жетелейтін – ол ұстаз. Баланың бойындағы білімге, оқуға деген құштарлықты оята білу - мұғалім шеберлігі. Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлануына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық [2].

Егемен еліміздің болашағы бар білімді бойына сіңірген сауатты әрі салауатты жас ұрпақтардың қолында. Ал ол өз кезегінде күн сайын ғылым мен техниканың дамуының арқасында қаншама зерттеулер мен ізденіс жұмыстары жасалып, ғылыми жаңалықтар өз орнын тауып келеді. Қазіргі таңда қол қусырып қарап отыруға еш болмайды, себебі XXI ғасыр даму, әлеуметтік жаһандану ғасыры болғандықтан қай маман иесі болмасын күнделікті бар жаңалықтардар хабардар болып отыру керек. Біздің жоғарғы оқу орнын оқып, білікті маман болып қалыптасып шыққанымыз аздық етіп келеді. Қазіргі таңда жас түлек өзін қаншалықты дамыта алса, соншалықты мықты, яғни құзыретті маман бола алады.

2016 жылдың 1 қыркүйегінен еліміздің барлық 1- сынып оқушылары жаңартылған білім мазмұнына сай білім ала бастады. 2017 оқу жылында осы бағдарлама бойынша 2, 5, 7- сынып, 2018 оқу жылынан бастап 3, 6, 8- сынып, ал осы 2019 оқу жылынан бастап 4, 9, 10- сынып

оқушылары да жаңартылған білім мазмұнына сай білім алуды. Жаңартылған білім мазмұны несімен ерекшеленеді? Бұл сұраққа былайша жауап беріп көрейік: оқу бағдарламаларында ұзақ мерзімді жоспар берілген, осы пайдаланып, әр мұғалім орта және қысқа мерзімді жоспар құрады. Ескі бағдарламадан ерекшелігі мұнда басты назар оқу мақсаттарына жету үшін саралау арқылы сабақ мақсаттары құрылады. Күтілетін нәтиже айқын болады. Әр оқушының білім деңгейі ескеріліп, тапсырмалар дайындалады. Тапсырманың қай деңгейде орындалғанын дескриптор арқылы анықтайды. Жаңартылған білім мазмұнында оқушыларды бағалау нақты критерийлерге сай жүргізіледі.

Жаңа оқу бағдарламаларының тағы бір ерекшелігі – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сондай-ақ, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу мақсаттарының жүйесі мынадай кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлерін қолдану, жеке және топта жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан-жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Мұғалімдер тараудың және тиісті тоқсанның аясында тараулар мен бөлімдерді оқытудың ретін өзі анықтауға құқылы. Мұғалімдер бірнеше мақсатқа жетуге бағытталған тапсырмаларды құрастыра алады. Оқу бағдарламасы мұғалімдердің оқу мақсатын жиынтықта орындаған жағдайда оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына жетуге әкелетін бірнеше мақсаттарға бөлуіне мүмкіндік береді. Мұғалімдер оқу мақсатына берілген сағат санын өз бетімен анықтауларына болады. Бұл шешім оқу-әдістемелік бірлестігінің отырысында қабылдана алады. Жоспарлау кезінде мұғалімдер бекіту және қайталау сабақтарын ескерулері тиіс [3].

Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

1.Оқушылардың интеллектуалдық, рухани, табиғи нышандарын дамытуға өзінің қызығушылықтарымен бейімділіктерін іске қосуға жағдай жасайды.

2.Жеке адамдық сенімдерін қалыптастыруға жағдай жасайды.

3.Ұжымдық және жеке іс-әрекеттер тәсілдеріне үйретеді.

Баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімнің болуына жағдай жасайды. Кіші жастағы баланың оқуға, оқу арқылы қабілеттерінің дамуына көп мүмкіндіктер бар.

Оқушы білімін бағалауға тоқталар болсақ, жаңа білім беру мазмұнында бес балдық бағалау емес, критериалды бағалау арқылы бағалануы – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындалған, бірге даярланған, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі бағалау үдерісі. Критериалды бағалау оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген. Бұл бағалау жүйесінің оқушы үшін ерекшеліктері:

- Қалыптастырушы бағалау шынайылыққа бағытталады;
- Оқушының өз бетімен жұмыс жасап, тұжырым жасауына ықпал етеді;
- Мұғалім үшін қай оқушының қандай деңгейде екендігін байқауға мүмкіндік береді;
- Оқушының өзара бір-бірін бағалауын қалыптастырады;

Ата-ана өз баласының қай оқу мақсатынан төмендігіне көз жеткізіп, сол бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік жасап отыр. Әр мұғалім қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын жасау арқылы өздерінің кәсіби бағытта дамуына қол жеткізетіндігі. Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру:

1.Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;

2.Сабақты түрлендіріп өткізу;

3.Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, кестелер мен сызбаларды пайдалану;

4.Интерактивті тақтамен слайдтарды тиімді қолдану;

5.Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруда мынадай нәтижелерге жетуге болады:

1. Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады.

2. Шығармашылық ізденіске жетелейді.

3. Өз ісіне деген сенім пайда болады.

4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді.
5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді.
6. Шығармашылдық белсенділік артады.

Осылардың нәтижесінде дарынды, қабілетті жеке тұлға қалыптасады. Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Біздің білім алушыларымыз заман талабына сай функционалдық сауаттылығы дамыған, білік пен дағдылар қалыптасқан білімді тұлға болулары үшін елімізде 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың бағдарламасының жүзеге асырылу жағдайын жоғарыда баяндадық. Бағдарламаның мақсаты – экономиканың орнықты дамуы үшін білім берудің және ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту және сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру болып табылады. Аталған мақсатқа жету үшін әлемнің озық тәжірибелері мен тиімді инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану қажеттілігі туындауда.

Осы тұста «Инновация» ұғымына түсінік беріп кетуді жөн санап отырмыз. «Инновация» ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеуінен пайда болды, яғни, бір мәдениет түрлерін екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әр түрлі анықтамалар берген. Мысалы, «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея» деп түсіндірсе, «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз» деп атап көрсетеді.

Инновация білім беру жүйесіндегі құбылысқа тың жаңалық: жаңа бағдарламаны, оқу жоспарын, әдіс-тәсілдерді оқу және тәрбие жұмыстарына енгізу болып табылады [4].

Элизабет Фишер және Мартин Ханзе атты шетелдік ғалымдар халықаралық ғылыми зерттеулер журналында жариялаған мақалаларында өз тәжірибелерімен бөлісіп, жоғарғы оқу орындарындағы білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялардың маңызын атап айтқан болатын.

Зерттеушілер оқытушының басшылығымен және білім алушыны белсенді ететін оқытудың тиімділігін салыстырады. Бұл зерттеуге 1713 студент қатысады. Зерттеушілер оқыту форматтарын жандандыру және қойылған міндеттер құзіреттілікті дамыту үшін қажетті алғышарттар ғана емес, сонымен қатар танымдық белсенділіктің жоғарылауына алып келетінін баса айтады. Бұдан байқағанымыз, педагогика саласында инновациялық технологияларды қолдану тиімділігі оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері, мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен студенттің бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалықты енгізуді білдіреді. Сонымен инновациялық оқыту дегеніміз – жаңалықты ашу, оны игеру және өмірге енгізу. Жаңа технологиямен оқытудағы мақсат баланың ашылмаған қабілеттерін ашу, дамыта оқыту, белсенділігін арттыру, өзіне деген сенімін күшейту, пәнге қызығушылығын тудыру болып табылады [5].

И.Е.Пискарева өзінің «Болашақ мұғалімдердің инновациялық әрекетке дайындығын қалыптастыру» атты еңбегінде – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұны жүзеге асырылады деп айта келіп, оның құрылымын көрсетеді: оқытудың мақсаты; білім берудің мазмұны; педагогикалық өзара әрекеттестіктің құралы (оқыту және мотивация), оқыту үдерісін ұйымдастыру; білімалушы, оқытушы; әрекеттің нәтижесі (сонымен бірге кәсіптік даярлықтың деңгейі) [6].

Сондай-ақ Қазақстандық педагог-ғалымдар Ж.Қараев, М.Жанпейісова және т.б. оқыту технологиялары белсенді түрде білім беру жүйесінде қолданылуда. Бұл технологиялардың өздеріне тән ерекшеліктері бар.

Сондықтан инновациялық технологиялардың мынадай ерекшеліктеріне мән берілді:

- әр сабақта белсенді әдістерді қолдану;
- әр білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлерін ашу;
- инновациялық технологияларды сынау арқылы тиімділігін арттыру;
- оқу орнындағы білім сапасын арттыру және т.б. [7].

Ал педагогикалық технология – педагогикалық үдеріске қатысушылардың белсенді іс-әрекетін көздейтін, нәтижеге жетуге мүмкіндік жасайтын үрдістер мен әдістердің бірізділігі мен жиынтығы.

Инновация мәселесі педагогикада педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру процесіне ықпал жасайды. Көпшілік ғалымдардың айтуы бойынша мұндай нәтижеге жетуі үшін педагогтың инновациялық іс-әрекеті келесі талаптарға сай болуға тиісті:

- өзінің жеке қасиеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, қабылдау қабілетіне;
- жаңа ғылыми идеялар мен басқалардың тәжірибесімен хабардар бола отырып, өз жұмысын ұғыну қажеттілігіне;
- жаңа ғылыми зерттеулер, олардың әдістемелік жүзегеасуын үздіксіз тәжірибеге енгізуі;
- педагогикалық инновацияның жаңа әдістерімен тәсілдерін өз бетінше жасау;
- педагогикалық кертартпалықпен, артта қалушылықты болдырмау.

Инновациялық технологияны пайдалану педагогикалық іс-әрекетте әлеуметтік-экономикалық жағдай тудырған басқа білім беру сфераларынан белгілі бір стандарттың межесінен ауытқу мен балама жүйе енгізу шараларын атқарады. Инновациялық іс-әрекет жаңалықтарды ойлап шығару, зерттеу, қолданысқа дайындау, іс жүзінде пайдалану сияқты процестермен сипатталады.

Мұғалімдердің оқыту технологияларын меңгеруде педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, олардың зерттеушілік жұмыстары, шығармашылық іс-әрекеттері пайдаланылады.

Барлық жаңа технологияның алдымен қоятын мақсаты - білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру.

Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім, білік, дағдысын емес, оның тұлғасын, білім арқылы дамуын қамтып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығарып, оқу үрдісіне еңгізу. Сол себептен де білім беру саласы қызметкерлерінің алдында – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру міндеттері қойылып отыр.

Жаңа технология түрлерін сабақ үрдісінде пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп.

1. Ойын технологиясы
2. Проблемалы оқыту технологиясы
3. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы
4. Деңгейлік саралау технологиясы
5. Жекелеп оқыту технологиясы
6. Топтық технология
7. Кезеңдеп оқыту технологиясы

8. Жеке пәндік педагогикалық технология
9. Өзіндік дамыту технологиясы
10. Дамыта оқыту технологиялары
11. Модульдік оқыту технологиясы және т.б. [8].

Инновациялық технологияларды пайдалану барысында топтық жұмысты ұйымдастырудың біршама артықшылықтар бар. Топтық жұмыс сабақ барысында уақытты тиімді үнемдеуге, өзге білім алушылармен пікір алмасуға, ортақ шешімге келуге, бір-бірін сыйлауға және тыңдауға, бірі-бірін бағалауға жалпы сабақ үшін өте тиімді болып табылады. Яғни, топтық жұмыс барысында білім алушылардың бойында көшбасшылық дағдылары дамып, жауапкершілік қасиеттері артады.

Біз сабағымызда бірлесіп жұмыс істеу арқылы білім алушылардың үлгерім деңгейін көтеріп, оларды дамытуға, ынталандыруға жағдай жасай аламыз. Жаңа өзгерістер енгізіле отырып өткізілген сабақтарда білім алушылар бірі–бірімен қарым – қатынас жасайды. Ол үшін оқытушы күнделікті сабағына тиянақты дайындалып, білім алушылардың білімге деген құштарлықтарын дамытып, сабақта оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауға байланысты берілген деңгейлік тапсырмаларды орындату арқылы оқуға деген қызығушылықтарын арттырады. Білім алушы мен оқытушы қарым – қатынасқа түсу барысында оқудың сапасы, сындарлы оқудың негізінде дарынды және талантты білім алушылардың саны, оқуға деген оқытушылардың көзқарастары өзгереді. Өз кезегінде оқытушыларда сабаққа қызыға араласып, қатысып, ой бөлісіп, келешекте өздерінің сабақтарын жаңаша тәсілмен жүргізуге ат салысып, кері байланыс орнатады. Білім алушыларды сабақта сыни тұрғасынан ойландыруға баулу арқылы дәстүрлі оқудан, сындарлы оқуға көшеміз. Білім алушылардың сыни ойлай білу қабілеттерін қалыптастырамыз.

Сонымен инновациялық - педагогикалық технологияларды пайдалану барысында білім алушыларда мынадай дағдылары байқалады:

- оқыту үрдісін жемісті ететін оқытудың жайлы шарттары. Бұл кезде білім алушы өзінің интеллектуалды даралығын сезінеді;
- іс-әрекет түрлерімен, идеялармен, білімдермен алмасу жүреді;
- тек жаңа білім алып қана қоймай, сонымен бірге танымдық іс әрекетті дамыту мақсаты алда тұрады;
- оқыту үрдісінің барлық қатысушылары кез келген көзқарасқа төзімділік танытуы керек;
- коммуникативтік дағдылар дамиды;
- топтық, жеке, жұптық жұмыстар жүргізіледі;
- рөлдік ойындар, зерттеушілік жобалар, шығармашылық жұмыстар қолданылады;
- талқыланатын тақырыптар бір жақты шешімге бағынбайды, және тек логикалық пайымдауды талап етіп қана қоймай, сонымен қатар өзгенің пікіріне құрмет пен толеранттылық талап етеді;
- регламент пен қарастырылып отырған сабақ деңгейіндегі сұрақтарды сақтау талап етіледі (функцияларды бөлу, ережелерді сақтау);
- жүйкеге салмақ түсірілмейді, білім алушының іс әрекет формасын өзгерту зейінін аударуға мүмкіндік пайда болады.

Қорыта келгенде, жаңартылған білім мазмұны жағдайында инновациялық - педагогикалық технологиялар білім алушылардың жеке тұлғасын дамыту құралы ретінде сипатталады. Сонымен бірге, пәнге қызығушылықтарын дамытып, білім сапасын арттыруға септиігін тигізері анық. Ол өз кезегінде білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын және сыни тұрғадан ойлау дағдыларын дамытады. Ал, ұстаздар, үнемі білімдерін инновациялық технологиялармен шыңдап, өмір бойы оқу қағидасын ойдан бір сәтке де шығармаған жағдайда, еліміздің ертеңі, білімді жастарды тәрбиелей алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану: оқу құралы, Алматы 2013ж. 328 б.
2. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан
3. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат, Астана 2018

4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2016 жыл.
5. Elisabeth Fischer, Martin Hänze. Back from“guide on the side”to“sage on the stage”? Effects of teacher-guided and student-activating teaching methods on student learning in higher education. Journal of Educational Research 95 (2019) 26–35
6. Пискарева И. Е. Формирование готовности будущух учителей к инновационной деятельности: дис. канд. пед. наук / И. Е. Пискарева – Кострома, 2000.
7. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде./Аударған Д.А. Қайшыбекова /. Алматы 2002.-180б.
8. Оқытудың инновациялық әдістемелері мен технологияларын жоғары оқу орындарында қолдану тәжірибесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Құрастырушылар: Тұрғынбаева Б., Әлімов А. Қ. – Алматы, 2011.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Г.К. Стамбекова
докторант 2 курса специальности "Педагогика и методика начального обучения",
магистр педагогических наук,
Институт педагогики и психологии, КазНПУ имени Абая,
jazira_84_s@mail.ru

В данной статье излагается значимость реформ, происходящих в среднем образовании, а также пути их реализации. Описывается особенность обновленного содержания образования. Показываются особенности применения различных инновационно-педагогических технологий для формирования у обучающихся навыков функциональной грамотности. Излагаются типы инновационно-педагогических технологий и стратегий, используемых в условиях обновленного содержания образования. Проанализированы подходы отечественных и зарубежных ученых. Раскрывается важность активной деятельности учителя в свете происходящих в образовании изменений.

Ключевые слова: *инновационная технология, умение, навыки, функциональная грамотность, методика*

USE OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN THE CONDITIONS OF UPDATED EDUCATION

G. K. Stambekova
1 year doctoral student specialty "Pedagogy and methods of primary education",
master of education,
Institute of pedagogy and psychology, KazNPU named after Abai,
jazira_84_s@mail.ru

The significance of the reforms taking place in secondary education, as well as the ways of their implementation is considered in this article. Describes the feature of the updated content of education. The features of the use of various innovative - pedagogical technologies for the formation of functional literacy skills among students are shown. The types of innovative - pedagogical technologies and strategies using in conditions of updated content of education are described. Approaches of Kazakhstani and foreign educators are analyzed. The importance of the active work of the teacher in the light of the changes taking place in education is considered.

Key words: *innovative technology, ability, skills, functional literacy, methodology*

Редакцияға 30.01.2019 қабылданды